Ақтөбе аруы

# БӘРІНЕН ДЕ ОЛ СҰЛУ

**Сәрсенбі күні Ақтөбе қаласында «Ақтөбе аруы — 2025» байқауы өтті. Дәстүрлі қыз сынында бұл жолы 12 бойжеткен бақ пен бабын сынады.**




Аталған шоудың ұйымдастырушысы Маржан Молдахметқызының айтуынша, дайындық жұмыстары осы айдың басынан бері жүргізілген.

*— 1999 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан байқаудың биылғы ерекшелігі — қайырымдылық акциясының өткізілуі. 8 баласы бар анаға қаржылай көмектестік. Бұл игі іске ерекше атсалысқан қатысушымызды «Мейірім аруы» аталымы бойынша марапаттадық.*

*Жалпы саны 70 қыз бала қатысуға ниет білдірді. Солардың арасынан 12-сін іріктеп алдық. 18-24 жас аралығындағы үміткерлердің әзірлігі жақсы, жеңіске ұмтылысы зор,* — дейді ол.

Мәдениет қызметкерлері, қоғам белсенділері, спортшылардан құралған қазылар алқасы қатысушылардың білімі, сахна мәдениеті, эстетикалық талғамына баса мән берді. Байқаудың өзі таныстыру, өнерін көрсету, этно-қойылым сияқты кезеңдерден тұрды.

Сұлулық сайысының қорытындысы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті дизайн-архитектура мамандығының III курс студенті Дильназ Сәрсенбай «Ақтөбе аруы — 2025» атанды. 19 жастағы жеңімпаз арнайы жасалған тәж, дипломмен марапатталып, Түркияға жолдама алды. Енді ол алдағы қараша айында Алматы қаласында өтетін «Қазақстан аруы — 2025» ұлттық байқауында Ақтөбенің намысын қорғамақ.

**Айбек СЕРІКҰЛЫ.**

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «ТАС-ЖОЛ Актобе» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Жылдық көлемі 10 000 тоннадан асатын (ең жоғары өнімділігі жылына 2 000 000 тонна) ұсату қондырғысында құрылыс тастарын өңдеу».

Өтінішпен сайттарда https://ecoportal.kz/, «жария талқылаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Қосжанова, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 16.10.2025 ж. – 15.11.2025 ж.

Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясы 2025 жылдың 28 қазан күні жергілікті уақытпен сағат 10.00-де, «Геолог» мәдениет үйінде (Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын үй алабы, 30А) Ақтөбе қаласы, «Алматы» және «Астана» аудандарының құрамдас бөліктерін атау бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

## Құттықтаймыз!

### Жақсылық Айжанұлы

*Барыста туған Арысым,*
*Құтты болсын табысың.*
*Атандың, міне,*
*Қайраткер,*
*Болсаң да өзің зейнеткер,*
*Тарихқа қалам сермедің,*
*Шығарып атын ерлердің.*
*Өткенге терең үңіліп,*
*Еңбек еттің, терледің.*
*Бөгенбай, Есет,*
*Барақтың,*
*Ерлігін елге тараттың.*
*Кейінгі ұрпақ жастардың,*
*Тәрбиесіне жараттың.*
*Өтежан, Сағи,*
*Тобықтың,*
*Жоқтаушысы*
*боп жорыттың.*
*Жарқамысқа барғанда,*
*Көк терекке жолықтың,*
*Интернатым қайда деп,*
*Жанарыңа толып мұң.*
*Қамшының қысқа*
*сабындай,*
*Өтеді жылдар сағымдай.*
*Мұңайма, Жәке,*
*мұңайма,*
*Біз жетпеген белеске,*
*Қиындыққа мойымай,*
*Ұрпағымыз жетсін*
*адымдай.*

**Сырлыбай Кереев.**

***Ақтөбе қаласының тұрғыны Жақсылық АЙЖАНОВҚА 75 жасымен құттықтаймыз!***



*Тәңірі тауып қосқан*
*Аминаңның*
*Түп-түгел түгесілмес*
*Ұпайысың.*

*Өзгертпей қыздай ғашық*
*Көзқарасын,*
*Аялап келеді ол да*
*Сөз данасын.*
*Біз үшін тарлан болсаң*
*Жетпістегі*
*Аминаға алпыстағы*
*Бозбаласың.*

*Қашанда ойың өрде,*
*Төрде көшің.*
*Аралап 70 жастың*
*бел-белесін*
*Арқаңа қара нардың*
*Жүгін артып,*
*Мерейлі 75 жасқа бүгін*
*Сен келесің.*

*Мықты ақынсың*
*орақ тілді сөзге мығым,*
*Бойыңда қалыптасқан*
*Жақсы ұғым*
*Құтты болсын 75 жас*
*Мерей тойың*
*Жастан жасқа жете бер,*
*Жақсылығым.*

*Бауырлас қазақ үшін,*
*Қытай үшін,*
*Қытайдан асып кеткен*
*Сыпайысың.*

*Заманың былқылдасын,*
*Сылқылдасын,*
*Былықпен, шылықтардың*
*Сыртындасың.*
*Туған жер топырағына*
*Туа қалған*
*Басқадан орның бөлек*
*Бір тұлғасың.*

*Жабыла, жапырыла*
*Жалпылдайды ел,*
*Жүзгеде сылқым басып*
*Сарқылмай кел.*
*Ішінде үркердей бір*
*Шоқ жұлдыздың*
*Аман жүр, жақсылығым*
*Жарқырай бер!*

**Игі тілекпен: ауылдасың Муса Қожабаев.**

## «Ақтөбе облысы Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен қашықтық, орташа қашықтық, км, жер учаскесінің лот №) | Жер учаскесі беріледі: | | Аймақтың ауылшаруашылық мамандануы | Жер учаскесінің жалпы ауданы, га. Жалдау мерзімі, жыл | Алқаптардың құрамы, оның ішінде | | | | Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет | Сумен қамтамасыз етілуі | Басқа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | | | Егістік | Жайылым | Шабындық | Басқа алқаптар | | | |
| 1 | Қызылсу ауылдық округі, 1-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 506,7 10 жыл | | 506,7 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 2 | Қызылсу ауылдық округі, 2-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 483,88 10 жыл | | 483,88 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 3 | Бөгетсай ауылдық округі, 3-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 3192 10 жыл | | 3192 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 4 | Бөгетсай ауылдық округі, 4-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 103,89 10 жыл | | 103,89 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 5 | Бөгетсай ауылдық округі, 5-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 2388,91 10 жыл | | 2388,91 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 6 | Қопа ауылдық округі, 6-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 2819 10 жыл | | 2819 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 7 | Қопа ауылдық округі, 7-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 3000 10 жыл | | 3000 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 8 | Аққұдық ауылдық округі, 8-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 845,908 10 жыл | | 845,908 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 9 | Құдықсай ауылдық округі, 9-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 166,8 10 жыл | 166,8 | | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 10 | Құдықсай ауылдық округі, 10-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 46,3791 10 жыл | | | | 46,3791 | Қара-қоңыр, 19 | - | - |
| 11 | Құдықсай ауылдық округі, 11-лот | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 603 10 жыл | | 603 | | | Қара-қоңыр, 19 | - | - |

**ЕСКЕРТПЕ**

***Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін келесідей құжаттар ұсынады:***

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

**Конкурстық ұсыныста:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, он бес жұмыс күні ішінде өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.

Конкурстық өтінімдер 2025 жылдың 20 қараша-10 желтоқсан аралығында қабылданады.

Конкурс 2025 жылы 11 желтоқсанда сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Республика көшесі №784 (аудан әкімдігі) мекенжайында өтеді

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Министрлігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығымен бекітілген шаруа немесе фермер қожалығына, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын Әділет KZ заңдар сайтынан қарап, танысуға болады.

Толық ақпаратты: «Хромтау аудандық ауыл шаруашылғы және жер қатынастары бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8(71336) 5-95-63 алуға болады.

Конкурсқа қатасуға құжаттар Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Республика көшесі №784 (аудан әкімдігі) мекенжайында қабылданады.

## «ASTANA EXPO TRADE LTD» ЖШС

**ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 21 қарашада сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Шеңгелші ауылы, Құрманиязов Шәкиз көшесі, 11-корпус, жалпы орта білім беретін мектепте қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде келесі жоба бойынша өткізіледі.**

«Astana Expo Trade ltd» ЖШС-ның «Мортук Восточный» кен орнының 2026 жылға арналған Эмиссиялық стандарттар жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы және әсер ету рұқсатының қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жұмыс орнының географиялық координаттары: 48° 35 ‘25,42» СШ, 57° 28’ 8,16»ВД; 2) 48°34 ‘51,36» СШ, 57° 29’ 30,56» ВД; 3) 48°33’51,15» СШ, 57° 29’ 51,21» ВД; 4) 48°33’ 13,14» СШ, 57° 28’ 32,77» ВД; 5) 48°32’ 46,99» СШ, 57° 28’ 16,07» ВД; 6) 48°33’ 0,4» СШ, 57° 27’ 47,5» ВД; 7) 48°33’ 0,4» СШ, 57° 26’ 35,43» ВД; 8) 48°32’ 32,05» СШ, 57° 25’ 49,51» ВД; 9) 48°32’ 38,2» СШ, 57° 25’ 45,56» ВД; 10) 48°33’ 40,83» СШ, 57° 26’ 43,34» ВД; 11) 48°33’ 45,66» СШ, 57° 26’ 42,69» ВД

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі https://ndbecology.gov.kz/,сондай-ақ expert_oos@mail.ru, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

**Тапсырыс беруші** – «Astana Expo Trade ltd» ЖШС, Астана қаласы, Алматы ауданы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 1/4 ғимарат. Телефон: +7 778 8335336. Электронды пошта: info@astanaexpotrade.com

**Жобаны әзірлеуші:** «Ecology Business Consulting» ЖШС, Астана қаласы, Айдархан Тұрлыбаев көшесі, 8, Телефон: (7172) 43-07-33, 8-708-147-55-70. Электронды пошта: ebc_astana@mail.ru

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар видеоконференция түрінде өткізілетінін хабарлайды (Zoom Video Communications бағдарламасы арқылы) https://us05web.zoom.us/j/81176768012?pwd=SZmm3qbtIAmcV1WrQ1piduqU8KRaOl.1

**Конференция идентификаторы:** 811 7676 8012 Кіру коды: 1RkxTi

Қосымша ақпаратты астыда көрсетілген электронды пошта және телефоны бойынша алуға болады: a.mardenova@astanaexpotrade.com, тел. 8-701-879-12-45.

**Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы және пошталық мекенжайы:**

**Жергілікті атқарушы орган** – «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: expert_oos@mail.ru.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ www.aqtobegazeti.kz

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС
Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН
Директордың орынбасары Айгүл НҰРКЕЕВА
Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН
Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Арайлым НҰРБАЕВА
Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ
Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37
Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ
Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА
Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА
Корректорлар Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА
Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67
Жарнама бөлімі 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.
Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 2 рет шығады.
Таралымы 11655 Тапсырыс №1197
Нөмірдің кезекші редакторы Кәмшат Қопаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды